



010000, Астана , Парламент Мәжілісі

201__ жылғы “ _____ ” _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 201__ года
№ _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары
А. Ұ. Маминге

2017 жылғы 29 қарашада
жарияланды

Депутаттық сауал
Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Біз өңірлерде болып, мемлекеттік тапсырыс бойынша әлеуметтік объектілерді салып жатқан, беделді құрылыс ұйымдарының басшыларымен кездескенімізде олар өздерін толғандыратын, құрылыс сапасына қатысты екі өзекті мәселені көтерген еді.

Біріншіден, құрылыс саласында демпингтік бағаға жол беріліп отыр. Себебі Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 13 параграфының 178 тармағында: «Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуге қосымша, демпингтік деп танылмайтын, жол берілетін ең төмен бағаның төмендетілген сомасына тең мөлшердегі соманы енгізген жағдайда, демпингтік баға ұсынуға жол беріледі», - деп, анықтап көрсетілген. Осыған орай 30 пайыздан астам төмен баға берген, ешқандай жұмыс тәжірибесі, өзіндік материалдық-техникалық базасы және еңбек ресурсы жоқ, кездейсоқ құрылыс ұйымдары тиісті конкурстардың жеңімпаздары болып танылып жатады. Алайда, ондай мердігерлер құрылыс салып жарытпайтындығын өмір тәжірибесі көрсетіп отыр. Мұның бір мысалы ретінде Семей мемлекеттік медицина университетінің республикалық бюджеттен 2 миллиард 246 миллион 900 мың теңге бөлінген 1000 орындық студенттер жатақханасының құрылысын Алматы қаласында тіркелген, мұндай үлкен объект салу тәжірибесіде, өзіндік өндірістік базасы да, еңбек ресурсы да жоқ жауапкершілігі шектеулі серіктестік 2014 жылдан бері салып бітіре алмай жатқандығын айтуға болады.

Тәжірибелі құрылыс ұйымдары басшыларының пікірінше, мемлекеттік сатып алу конкурсы бойынша баға ұсынғанда 30 пайыздан астам шегерім белгілеу құрылыс материалдарынан үнем жасау есебінен ғана мүмкін болады, ал мұның өзі құрылыс сапасына теріс әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан да еліміздің құрылыс саласын одан әрі дамытып, бір күндік фирмалардың келтіретін залалынан сақтану үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына түзетулер енгізіп, демпингтік баға ұсынуға тыйым салу, сондай-ақ әлеуетті өнім жеткізушілер үшін сатып алынатын жұмыстар нарығында жеткілікті тәжірибесі, өзіндік өндірістік базасы, білікті қызметкерлер ұжымы болуы қажеттігі жөнінде қатаң талаптар қоятын кез жеткен сияқты.

Екіншіден, өңірлері әртүрлі климаттық жағдайда орналасқан кең-байтақ еліміз үшін бірыңғай нормативтік құрылыс мерзімі белгіленген болып шықты. Қатал қысы алты айға дейін созылатын солтүстік өңірлер мен үш-ақ ай қар жататын оңтүстік өңірлер үшін бірдей құрылыс мерзімі қарастырылған. Құрылыс мамандары әртүрлі климаттық аймақтар үшін әртүрлі құрылыс мерзімін белгілеу қажет деп есептейді. Бұл фактор да құрылыс сапасына елеулі ықпалын тигізетіндігі анық.

Сізден еліміздің құрылыс саласының жоғарыда айтылған өзекті мәселелеріне назар аударып, тиісті нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру мәселесін қарастыруыңызды сұраймыз.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді өтінеміз.

**Құрметпен,
депутаттар, «Нұр Отан» партиясы
Фракциясының мүшелері**

**К. Мұсырман
Б. Мамраев**